

Каспий университеті мейірбике ісі

Тақырыбы: Мекемелердегі табиғи және жасанды жарықтың деңгейін анықтау.

Тұрғын үйді санитарлық тексеру.

Орындаған: Нуканова
Мадина

Жоспар

1. Мекемелердегі табиғи және жасанды жарықтың деңгейін анықтау.
2. Тұрғын үйді санитарлық тексеру.

Жарықтандыру дегеніміз

жарықтандыратын жерге түсетін жарық ағынының тығыздығы. Жарықтану бірлігі болып **-люкс** қабылданған. Жарықтандыру **табиғи және жасанды** болып екіге бөлінеді. Зерттеулер көрсеткендей, адамның көзіне күш түсетін жұмыс кезінде ақ немесе сағыш түсті шаммен жарықтандырылған жақсы. Сонымен қатар қосымша шаммен де жарықтандырылғаны дұрыс. Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жүйелі инсоляциямен және жергілікті табиғи жарық көзімен қамтамасыз ету тұрғын үй гигиенесінің маңызды мәселелерінің бірі.

Инсоляция дегеніміз күннің адамға тікелей әсер етуі. Адам ағзасына күн тікелей әсер еткен кезде адамның тамырының соғуы жақсыболады, күре тамырдың ең жоғарғы және ең төменгі қысымы қалыпты жағдайда болады, қанның соғу мөлшері артады, қанның құрамындағы холестерин азаяды, ұлпа арқылы дем алу, негізгі зат алмасу артады. Балалар ағзасы үшін өте үлкен рөл атқарады. Күн сәулесінің ультракүлгін бөлігі адам

Мекемелерді табиғи және жасанды жарықтандырудың жақсы болуы маңызды орын алады. Табиғи және жасанды жарықтандыру жақсы болса, ол адамның көру қабілетіне жақсы әсер етеді, адамның өмірлік тонусын көтереді.



Күндізгі табиғи жарықтану жақсы болуы үшін терезенің ауданы мен бөлменің еденінің ауданы бір-біріне сай болуы керек. **Жарықтану коэффициенті** дегеніміз терезелердің әйнектелген бөлігінің ауданының еден ауданына қатынасы. Геометриялық параметрлерге, жұмыс орнынан терезенің үстіңгі және астыңғы жақтауларына дейінгі түзу сызықтармен түсірілген жарық сәулелерінің **түсу бұрышы** жатады. Жұмыс орнынан терезенің жоғарғы жақтауына және жарықтың түсуіне кедергі жасайтын ғимаратқа қарсы тұрған құрылымның жоғарғы нүктесіне дейін жүргізілетін сызықтармен түзілетін **саңылау бұрышы** анықталады.





Жарықтану деңгейін анықтау үшін:

- жарықтануды өлшеу бойынша іс-әрекетін көрсетеді: өлшеу алдында люксметрдің тіркеуші бөлігін (гальванометрді) және фотоэлементті горизонтальды қалыпқа қояды;
- аспаптың тілі шкаланың нөлдік қалыпында тұрғанын тексереді (ол үшін фотоэлементті гальванометрден ажыратады) және қажетті жағдайда аспаптың тілін нөлдік қалыпқа келтіруі үшін корректорды қолданады;

- гальванометрдегі диапазондарды қосқыштардың көмегімен насадкалардың көмегімен өлшеуді жүргізу диапазонын анықтайды;
- сәйкесті шкала бойынша аспаптың тілі тоқтаған көрсеткішті жазып алады;
- осы анықталған санды насадкада көрсетілген коэффициентке көбейтеді;

- күндіз жарықтануды анықтауда: аралас жарықпен (табиғи және жасанды) құралған жарықтануды өлшейді;
- жасанды жарықтың сөніп тұрған жағдайындағы жарықтану деңгейін анықтайды;
- аралас және табиғи жарықтанудың арасындағы айырмасын есептейді – осылайша жасанды жарықпен құралатын жарықтану деңгейін табады.



Люксметр (лат. *lux* — жарық және гр. *metre* - өлшеймін) - жарықтықты өлшейтін аспап. Люксметрлер көзбен ажыратуға арналған және фото - электрлік түрлерінде болып келеді.

Санитарлық тексеру:

тұрғын үй қорына қызмет көрсететін ұйымдар санэпидемиялық қадағалау органдарымен бірлесіп, жұқпалы аурулардың шығуына және таратылуына бағытталған шараларды, тұрғын үйдің санитарлық қажет болған жағдайында шыбын-шіркейлерді және кеміргіштерді құртуға арналған дезинфекциялық тексеру жұмыстарын жүргізуі тиіс.



Қандайда болмасын электр желісінде болатын ақауларды жиі тексеріп отыру және соған байланысты шаралар қызметін ұйымдатыру.

Тұрғын үйлерде санитарлық нормалар мен ережелердің орындалып жатқанын тексеру.



Барынша халық жиі қоныстанған тұрғын үйлерде қоқыс аймақтарынан жиі тазалау жұмыстарын және көгалдандыру сияқты қоғамдық жұмыстардың орындалуын тексеру.

